

# ҚАЗАҚ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

80 жыл!

№ 38 (1548)  
25 қараша  
2014 жыл

# УНИВЕРСИТЕТІ

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ТҮНҒЫШ  
ПРЕЗИДЕНТІ  
КҮНІ



ДЕНЬ  
ПЕРВОГО  
ПРЕЗИДЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БІР ОТАН! БІР ТАҒДЫР! БІР ЕЛБАСЫ!  
ОДНА РОДИНА! ОДНА СУДЬБА! ОДИН ЛИДЕР!

## ТАЛАНТТЫ ЖАСТАР

### ҚазҰУ-да бас қосады

**Еліміз 1 желтоқсанда Тұңғыш Президент күнін атап өтеді. Осы айтулы оқиғаға арналған аса ауқымды «Мен жастарға сенемін!» республикалық патриоттық фестивалі аясында биыл әл-Фараби атындағы ҚазҰУ екінші жыл қатарынан республикамыздағы талантты жастардың басын қоспақ. Бұл жайлы кешегі ректорат отырысында Әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Ерболқызы Жаманбалаева хабарлама жасады.**

Шолпан Ерболқызының айтуынша, «Еліміздің инновациялық дамуына менің қосқан нақты үлесім» атты студенттік инновациялық әлеуметтік маңызы бар жобалар байқауы, «Мен елімнің гүлденуі үшін не істей аламын?» атты үздік студенттік эссе, «Мен жастарға сенемін!» тақырыбындағы студенттік поэзиялық азаматтық-патриоттық шығармалар және «Мәңгілік ел мұратым!» патриоттық ән байқауы бойынша студенттік жұмыстар фестивалінің алғашқы кезеңінде бір ай көлемінде қабылданған. Ұйымдастырушылар комитетіне еліміздің 60-тан астам жоғары оқу орны студенттерінен 1000-ға тарта жұмыс келіп түскен. Олардың ішінде үздік деп танылған 350 еңбек авторы 28 қараша күні өтетін фестивалінің гала-форумына шақырту алып отыр. «Фестиваль студент жастардың Қазақстан болашағына деген патриоттық сезімі мен азаматтық жауапкершілігін, әлеуметтік белсенділігі мен рухтандырушылығын арттыруға бағытталған. Жастар еліміздің – ертені. Қазақстан дамуының болашақтағы бағыты олардың азаматтық ұстанымымен тығыз байланысты», – деді өз баяндамасында Шолпан Ерболқызы. Сондай-ақ фестивалінің дайындық барысына кеңінен тоқталған проректор шараны ұйымдастыруға ҚазҰУ мен бірге «Жандану» экологиялық жобасы

ат салысып отырғандығын және ҚР Білім және ғылым министрлігі, «Жас Отан» жастар қанаты мен ҚР Жазушылар одағы басқармасы, Алматы қаласы әкімдігінің қолдау білдіретіндігін атап өтті.

Форум барысында қатысушылар тақырыптық пленарлық және шығармашылық секцияларды өткізетін болады. Сонан соң беделді мамандардан құралған тәуелсіз сарапшылар әр байқау бойынша жеңімпаздар есімін жариялайды. Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында өтетін гала-форумның салтанатты жабылу сәтінде жеңімпаздар мен қатысушыларға дипломдар мен бағалы сыйлықтар тапсырылатын болады. Фестивальдің ең басты сыйлығы – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да бір жыл тегін оқу гранты.

ҚазҰУ ректоры академик Ғалым Мұтанұлы былтырғы фестивалінің жоғары деңгейде өткенін атап өтіп, жастарды азаматтық-патриоттық рухта тәрбиелеудің мемлекеттік маңыздылығына баса назар аударды.

Сонымен қатар мәжілістің күн тәртібінде университет пен факультеттердің 2014-2015 оқу жылындағы көрсеткіштері талқыланып, өзге де мәселелер қаралды.

**Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**

*P.S. Фестиваль туралы толық ақпаратты 3-беттегі сұхбаттан оқи аласыздар*

## АЗИАТСКИЙ ВЕКТОР СОТРУДНИЧЕСТВА

Ректор КазНУ им. аль-Фараби Г.Мутанов принял участие во Всемирной конференции ЮНЕСКО по образованию в интересах устойчивого развития, которая прошла в японском г.Нагоя и ежегодной конференции-выставке профессиональных лидеров образования Азиатско-Тихоокеанского региона «QS-AR-PLE 2014» в г.Тайпей (Тайвань).

*Продолжение на 2 стр.*

## ТҮЛЕКТЕР – УНИВЕРСИТЕТ МАҚТАНЫШЫ

**22 қарашада оқу бітіргендеріне 30 жыл толған журналистика факультетінің түлектері «Мамандығым – мақтанышым» атты мерекелік шара аясында бас қосты. Факультет деканы Сағатбек Медеубекұлының бастамасымен ұйымдастырылған кездесуге қазақ ақпараттық кеңістігінде дара қолтаңбасымен танылған белгілі журналистер, жазушылар, ақындар мен ғалымдар қатысты.**

Іс-шараны ректор Ғалым Мұтанұлы өзінің құттықтау сөзімен ашып, түлектердің университет беделін арттырудағы маңызын атап өтті. Отыз жыл бұрын журналистика факультетін бітірген түлектер арасында да қазақ қоғамына аты мәлім дарынды тұлғалар жетерлік. Атап айтар болсақ, Мемлекет және қоғам қайраткері Алтынбек Сәрсенбайұлы, «Алаш» халықаралық әдеби сыйлығының лауреаты, талантты ақын Нұрлан Мәукенұлы, әйгілі тележурналист Бейбіт Құсанбек, дарынды журналист Гүлзира Молдажапарова, радио журналистикада өзіндік ізін қалдырған Бақыт Досым. Өмірде өздері жоқ болса да, еліне еткен еңбектері ұрпақ жадында жыл сайын жаңғырып келеді.

Кездесуге арнайы белгілі тұлғалар – Қазақстан Республикасы Ұлттық мұражайының директоры Дархан Мыңбай, «Егемен Қазақстан» газетінің вице-президенті Еркін Қыдыр, «Түркістан» халықаралық апталығының бас редакторы Шәмшиддин Паттеев,

*Жалғасы 8-бетте*

**БҮГІНГІ САНДА:**

**БҮГІНГІ САНДА:**

**БҮГІНГІ САНДА:**

**“МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!”**



**3-стр.**

**“ЖАСЫЛ” УНИВЕРСИТЕТ-ЗАМАН СҰРАНЫСЫ**



**4-бет**

**АМЕРИКАНДЫҚ СТУДЕНТТЕРДІҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМЫ**



**8-бет**



Продолжение. Начало на 1 стр.

# АЗИАТСКИЙ ВЕКТОР СОТРУДНИЧЕСТВА

В работе конференции «Обучение сегодня в интересах устойчивого будущего», проводимой раз в десять лет, приняли участие более тысячи человек из 150 стран мира: представители министерств государств-членов ЮНЕСКО, международных и неправительственных организаций, научных кругов, структур системы ООН, эксперты и специалисты в области устойчивого развития.

В рамках трехдневной конференции прошли пленарные заседания, круглые столы, семинары и другие мероприятия. Участники приняли декларацию, призывающую оказать образованию устойчивого развития всеобщую поддержку и максимально содействовать достижению целей в этой области. ЮНЕСКО выступила с призывом к заинтересованным сторонам внести конкретный вклад в реализацию Глобальной программы действий. Важно

отметить, что на этом мероприятии были отражены и результаты Алматинской конференции «Новая парадигма устойчивого человеческого развития. G-Global – формат глобального диалога», состоявшейся 5-7 ноября т.г. в КазНУ.

Кроме того, в ходе рабочей поездки в страну восходящего солнца состоялась встреча ректора с министром образования, культуры, спорта, науки и техники Японии Хакубуном Симомура.

Насыщенной была программа конференции и выставки «QS-APPLE 10». Здесь по инициативе Академии Наук Высшей Школы Казахстана и КазНУ им. аль-Фараби вузы страны представили общий павильон, который вызвал большой интерес посетителей и участников мероприятия, специалистов в области высшего образования и науки.

Ректор академик Галым Мутанов выступил с докладом по интеграции университета в мировое научно-образовательное

пространство и его роли в качестве регионального лидера по устойчивому инновационному развитию. Во время участия в этом мероприятии состоялись важные встречи ректора КазНУ с руководителями тайваньских и азиатских вузов, которые дали начало установлению партнерских связей и сотрудничеству. Так, на встрече Г.Мутанова с президентом Тайпейского медицинского университета, который стал местом проведения «QS-APPLE 10», был подписан договор о сотрудничестве в сфере академического обмена, дудипломного образования и реализации совместных проектов. Кроме того, ректор КазНУ выступил с лекцией перед преподавателями и студентами университета Тайпея и дал мастер-класс по дзю-до спортсменам этого вуза.

**Г. ХОШАЕВА,**  
к.ф.н., доцент кафедры иностранных языков

## ФАКУЛЬТЕТ ТЫНЫСЫ

14 қарашада биология және биотехнология факультетінің №7 студенттер үйінде «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» аясында «Қорқыт бабамыздың мол мұрасымен танысайық!» атты кеш өтті.

Осындай жырау, ақылгөй, данышпан, көсем, баксы, күйші аңыз бабаны еске алуды мақсат еткен шара биомедицина және биофизика кафедрасы мен «Сұңқар» студенттер кәсіподағының бірігуімен жүзеге асты. Кеште 1-курс студенті Мадина Ұлықбекова Қорқыттың ғажайып сазды, магиялық аспабы қобызбен күй орындады. Биомедицина және биофизика кафедрасының профессоры Нұртай Торманов студенттерге Қорқыт туралы мол ақпарат беріп, кешті қызықтыра түсті.

**Б.И. УРШЕЕВА,**  
биофизика және биомедицина кафедрасының оқытушысы;  
**Ә.Ғ. МОЛДАБАЕВА,**  
биология және биотехнология факультетінің «Сұңқар» студенттер кәсіподағының төрағасы

\*\*\*

Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліне деген құрметін арттыру мақсатында ҚазҰУ-дың ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде Ауған Ислам Республикасының, Қытай Халық Республикасының, Өзбекстан Республикасының тыңдаушы жастарының қатысуымен «Атамекенім – Қазақстан» атты фестиваль өтті. Сайыс әртүрлі номинация бойынша жүргізілді. Қатысушылар өзін таныстыру, өлең оқу, айтыс, ән, би жарысы, театрландырылған қойылым, мәнәрлеп оқу, көңілді тапқырлар сайысы сынды номинациялар бойынша өнерлерін көрсетті. Іс-шараны ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының оқытушылары ұйымдастырды. Фестиваль соңында тыңдаушылар грамоталармен марапатталып, 1-орынды Ауған Ислам Республикасының тыңдаушысы Абдул Джалил Гүл Лайла иеленді.

**Г. МОЛДАҒАЛИЕВА, С. НУСПАЕВА,**  
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушылары

\*\*\*

17 ноября 2014 г. на факультете довузовского образования был проведен круглый стол, на котором обсуждалось Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Нурлы жол – Путь в будущее», с участием иностранных студентов из Кореи, Китая, Японии, Испании. Иностранные учащиеся, находящиеся на учебе в Казахстане, с интересом восприняли обращение Лидера государства, которое представляет собой программу конкретных практических дел, направленных на развитие страны и улучшение жизни казахстанцев. Эта программа экономического развития особенно близка представителям стран Юго-Восточной Азии (Кореи, Японии, Китая), т.к. эти страны прошли аналогичный путь и, совершив рывок, смогли войти в число развитых стран мира.

**Ким Джин Хи (Республика Корея),**  
студент факультета довузовского образования

\*\*\*

18 қарашада экономика кафедрасы студенттерінің арасында ұйымдастырылған «Ұлы тұлғалардың ұлағаты» атты шара әдебиет дамуына өзіннің жазған өлең шығармаларымен үлес қосып жүрген ақындарымыз Ержан Жұмабек пен «Серпер» сыйлығының лауреаты, «Мөлдір Бұлақ» журналының бас редакторының орынбасары Саят Қамшыгердің қатысуымен өтті.

Іс-шара барысында студенттер математика және логика, сондай-ақ, медицина ғылымының дамуына негіз салған ұлы тұлға әл-Фарабидің дүниеге танымал шығармалары мен жазған еңбектері жайлы сөз қозғалды. Ел тәуелсіздік алғанша ата-бабаларымыздың тәуелсіздік жолындағы бастан кешкен қиыншылықтары мен арпалыстары, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауы әңгімеге арқау болып, танымал ұлы жазушылар мен ақындардың еңбектерін оқыған студенттер өзара пікір алмасты.

**Д.Р. ТҰРАРОВ,**  
экономика кафедрасының аға оқытушысы  
**А.И. ЖІЛБАЕВА,**  
4-курс студенті

\*\*\*

ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында «Абай өлеңдері» (табиғат лирикасы) атты эдвайзерлік-кураторлық сағат өтті. Онда ауған қыздары Абай өлеңдерін жатқа оқыды. Бүгінде ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде Ауған Ислам Республикасынан келген он қыз оқып, білім алып жатыр. Жиында Навид Хусния «Жазғытұры» өлеңін, Рахими Марзия «Күз» өлеңін, Ахмади Тахири «Жаз» өлеңін, Абдул Джалил Гүл Лайла «Қыс» өлеңін оқып, Баят Фришта «Әсемпаз болма әрнеге» атты өлеңді жатқа айтты. Студенттер Абайдың «Көзімнің қарасы» әнін тындап, Рахими Марзияның «Желсіз түнде жарық ай» әнін тамашалады.

**Г. МОЛДАҒАЛИЕВА,**  
**Г. ӘБДУАХИТОВА,**  
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушылары

# АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ - НАУҚАН ЕМЕС, НАҚТЫ НӘТИЖЕ

21 қараша күні шығыстану факультетінде Анкара қаласындағы Хаджеттепе университеті қазіргі түркі тілдері мен әдебиеті кафедрасының профессоры, халықаралық «Біліг» журналының Бас редакторы профессор Нуреттин Демир мырза «Білім-Ғылым-Инновация: Thomsen Reuters пен Scopus журналдарының ақпараттық базасына енетін «Bilig» журналына ғылыми мақала жариялауда қойылатын талаптар» атты арнайы семинар өткізді. Ол семинар Нуретдин Демирдің SCOPUS пен Thomsen Reuters жүйесіне енетін «Біліг» журналына мақала шығару мәселесіне арналды.



Семинарға факультет деканы, профессор Б.Н. Жұбатова, Анкара университеті дінтану факультетінің профессоры Сөнмез Кутлу, деканның ғылыми-инновациялық және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары Р.Е. Құдайбергенова, түркітану және үндітану кафедрасының меңгерушісі, доцент О.С. Сапашев, қытайтану кафедрасының меңгерушісі, профессор Н. Мұхамедханұлы, шығыстану факультетінің оқытушы-профессор құрамы және Алматы қаласындағы жоғарғы оқу орындарының оқытушылары, докторанттары мен магистранттары қатысты.

Семинар қазіргі таңда ғылыммен айналысып жүрген ғалымдарға өте

пайдалы деректер берумен ерекшеленді. Өйткені, жоғары индексті журналдарға мақала жариялау ісінде көптеген түсінбеушілік пен кем-кетікті мәселелер әлі де баршылық. Дегенмен, қазіргі ғылымның бізге ұсынып отырған талаптарынан ауытқып кетуге еш болмайды. Осы тұрғыда университет басшылығы да мұндай бағдарламалардың үздіксіз өтуіне өздерінің оң ықпалын тигізуде.

Нуреттин Демир өзі басқарып отырған «Bilig» журналының жай-жапсары, оған ғылыми мақала жариялауда қойылатын негізгі техникалық және құрылымдық талаптар, журналдағы өзекті тақырыптар тізбесі және мәліметтерді тұжырымдау турасындағы мәліметтері

қатысушылардың қызығушылығын оятты. Айрықша, зерттеушінің психологиялық танымына жіті көңіл бөлу керек екендігін баса айтты. «Зерттеушінің ойында жоғарғы дәрежелі журнал тұрмауы керек, зерттеу жұмысының ғылымға қаншалықты пайда әкелетіндігіне назар аударуы қажет», – деп түйді ойын Н. Демир.

Семинар өз дәрежесінде өтіп, көптеген зерттеушілер «Bilig» журналына өз макалаларын шығаруға мүдделі екендіктерін айтып тарасты.

**Ж. ӘБЕЛДАЕВ,**  
түркітану және үндітану кафедрасының аға оқытушысы

27 қараша күні арабтану және ирантану кафедрасының ұйымдастыруымен «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында А.С. Грибоедовтің «Горе от ума» шығармасына арналған интеллектуалды ойын өтеді



# “Мен жастарға сенемін!”

Патриотизм сквозь призму инноваций и творчества – основной лейтмотив Второго республиканского патриотического фестиваля «Мен жастарға сенемін!», посвященного Дню Первого Президента Республики Казахстан. 28 ноября 2014 года в Алматы соберутся неравнодушные и талантливые студенты из всех уголков страны – авторы инновационных и творческих проектов, в основе которых – стремление реализовать себя на благо Отчизны. Организаторами мероприятия выступили Казахский национальный университет имени аль-Фараби и Экологический проект «Жандану» при поддержке Министерства образования и науки РК, акимата г. Алматы, молодежного крыла «Жас Отан» и Союза писателей Казахстана. О подробностях данного мероприятия рассказывает проректор по социальному развитию КазНУ Шолпан Джаманбалаева.

**- Есть ли отзыв в сердцах молодых? Много ли желающих принять участие в столь непростых конкурсах?**

Как показывает опыт проведения и первого, и второго фестивалей, данные конкурсы являются востребованной площадкой самореализации молодежи. На сегодня в адрес оргкомитета поступило свыше 1000 конкурсных работ от

**- Кто оценивает работы студентов, и что ждет победителей?**

По каждому конкурсу создано отдельное независимое жюри из числа авторитетных специалистов – общественных деятелей, представителей бизнеса, государственных структур, СМИ, деятелей науки, культуры и искусства. Так, например, в составе жюри: Народный артист Казахстана

фестиваля и членами жюри. Главным призом для победителей станут гранты КазНУ им. аль-Фараби на год бесплатного обучения. По итогам фестиваля будет издан сборник лучших конкурсных работ и компакт-диск с патриотическими песнями в исполнении участников фестиваля.

На мой взгляд, в таком мероприятии не будет проигравших. Само участие в молодежном, патриотическом фестивале станет для студентов



студентов 60-ти вузов страны. Среди них как индивидуальные проекты и произведения, так и плоды коллективного творчества. В рамках отборочного тура выбрано 350 лучших работ. Критерии, по которым шел отбор, серьезные: реалистичность, нестандартность решений, индивидуальность мышления, творческий подход, концептуальность. Данные конкурсные работы будут презентованы авторами на заседаниях тематических секций гала-форума фестиваля, где и будут определены победители.

Нургали Нусипжанов, заместитель председателя Союза писателей, поэт Галым Жайлыбай, главный редактор республиканской газеты «Қазақ әдебиеті» Жумабай Шаштайұлы, управляющий директор парка информационных технологий «Алатау» Марат Сариев, директор издательства «Қазақ энциклопедиясы» Бауыржан Жақып и многие другие.

На торжественной церемонии закрытия гала-форума, которое пройдет во Дворце студентов им. У. Джолдасбекова, победители и лауреаты фестиваля будут награждены дипломами, ценными подарками и денежными премиями, учрежденными организаторами

важным импульсом к саморазвитию и самосовершенствованию, росту их гражданской активности. Есть хорошая жизненная формула, предложенная Главой государства, которая определяет неотъемлемые качества «казахстанца будущего»: «Быть личностью, профессионалом, патриотом и искренне любить свою Родину». Нужно, чтобы каждый молодой человек следовал этой формуле, наполняя свою жизнь осознанием причастности к судьбе своей Родины и ответственностью за нее!

**Спасибо за интервью!**

*Беседовал А. РОЖКОВ*

**- Шолпан Ерболовна, в чем главная идея фестиваля? Какие задачи он решает?**

Фестиваль «Мен жастарға сенемін!» в рамках празднования Дня Первого Президента РК проводится вот уже второй год. Его главной целью является повышение уровня патриотизма и гражданской ответственности студенческой молодежи как значимой социальной группы. Глава нашего государства Нурсултан Назарбаев не раз обращал внимание на то, что именно «молодежь является судьбоносной силой страны». От гражданской позиции сегодняшних студентов зависит вектор дальнейшего развития Казахстана, ведь именно им предстоит обеспечить высокую конкурентоспособность страны в XXI веке. Важно поверить в нынешнюю молодежь так, как верит в поколение независимости наш Президент, и дать ей возможность проявить себя уже сегодня. Поэтому задачами фестиваля являются стимулирование и поддержка студенческих инициатив, создание условий для общения и обмена опытом, выявление и поощрение талантливых, социально-активных студентов, организация эффективного диалога молодежи с представителями государственных структур, общественных организаций и бизнеса.

**- Какой формат был выбран для организации фестиваля?**

Так как для молодежи по характеру близок принцип состязательности, фестиваль проводится в форме конкурсов. В частности, два месяца назад были объявлены четыре конкурса по номинациям: инновационные социально-значимые проекты «Мой реальный вклад в инновационное развитие страны»; эссе на тему «Что я могу сделать для процветания своей страны»; поэтические произведения на тему «Мен жастарға сенемін!» и конкурс патриотической песни «Мәңгілік ел – мұратым!» Словом, фестиваль – уникальная возможность проявить себя в разных ипостасях.

**27 ноября на факультете биологии и биотехнологии состоится семинар «Елін сүйген Елбасы», приуроченный к Дню Первого Президента РК**



# КАК СОЗДАТЬ «ЗЕЛЕННЫЙ ОФИС» В ВУЗЕ?

Ответ на этот актуальный для экологии Казахстана вопрос теперь знают преподаватели и студенты университетов страны, принявшие участие в работе сразу двух масштабных мероприятий КазНУ – обучающего семинара и молодежного круглого стола.



Организаторами мероприятий выступили кафедра энергоэкологии факультета географии и природопользования, Казахстанское национальное географическое общество (КНГО) и НИИ проблем экологии. Цель семинара – распространение современного научного знания по устойчивому развитию и внедрение принципов «зеленого офиса» в университеты. Семинар «Внедрение

принципов зеленого офиса в учебных заведениях Казахстана» состоялся на базе музея университета. Выбор платформы для проведения семинара не случаен, здесь представлена уникальная экспозиция, посвященная роли «Al-Farabi university smart city» в устойчивом развитии нашей страны.

В мероприятии приняли участие директор департамента по воспитательной


работе М.С.Ногайбаева, вице-президент КНГО, декан факультета географии и природопользования В.Г.Сальников, директор НИИ проблем экологии А.А.Скакова. Интерес и оживленные дебаты вызвали доклады С.Е.Поляковой и соавторов (КазНУ) «Зеленые офисы университетов», А.Нуртаевой (КИМЕР) «The Green Office: Environmental Responsibility», К.Н.Жайлыбай (КазГосЖенПУ) «Казахстанның мәңгілік ел болуының экологиялық инновациялық жолы», А.Кошкарбаева «Зеленый мост через поколения», Е.В.Солодовой «Зеленое строительство» (КазНУ), М.А.Туганбековой и соавторов (АТУ) «Экопродукты и экоупаковки», А.Акберлиева «Экоматериалы» (Центрально-Азиатский Институт экологических исследований), Г.К.Ерубаяевой «Экологическое состояние города - залог нашего здоровья» (Университет Туран), А.Сатубалдина (Центр содействия устойчивому развитию) «Управление отходами» и другие. В интерактивном режиме с активным участием всех собравшихся был проведен мастер-класс «Модели «зеленых офисов» различных стран мира, организованный Д.Б.Вудворд (Консалтинговое агентство «EduWorldConsulting»).

Оживленная атмосфера объединила профессионализм и творческую энергию профессоров, доцентов, магистрантов и студентов для обсуждения и выработки конкретных планов действий по

бережному и ответственному отношению университета к ресурсам окружающей среды и своего вуза. Например, снизить объемы выбросов углекислого газа в атмосферу можно и нужно, если осуществлять раздельный сбор отходов, сажать деревья и цветы, собирать мусор, а лучше вообще не сорить, экономить воду и электричество, бумагу, и т.д. В целом, необходимо развивать эко-инфраструктуру, разрабатывать научно-исследовательские, просветительские, эко-социальные бизнес-проекты по энерго- и ресурсосбережению, внедрению альтернативных источников энергии.

В целях формирования в стенах учебного заведения креативную и динамичную молодежь, которая и будет движущей силой экологических преобразований, для студентов был организован круглый стол «Как сделать мой университет зеленым». Активисты-волонтеры движения «зеленых» вузов г.Алматы с воодушевлением рассказывали, показывали презентации и плакаты, видео-ролики, делились рекомендациями о том, как они каждый день своими руками строят «зеленый офис» университета. Мы уверены, что, объединяя совместные усилия и мобилизуя эко-инновационный потенциал учебных заведений Казахстана, мы внесем вклад в зеленую экономику нашей страны!

Т.Л. ТАЖИБАЕВА,  
Ж.Р. ТОРЕГОЖИНА,  
профессора кафедры энергоэкологии



## «ЖАСЫЛ» УНИВЕРСИТЕТ - ЗАМАН СҰРАНЫСЫ



ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ХХІ ғасырдағы тұрақты дамудың ғаламдық энергоэкологиялық стратегиясы, «Жасыл көпір» әріптестік бағдарламасы бастамаларын қолдауға арналған бұл акцияға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті студенттерімен қатар, Алматы технологиялық университеті, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті мен Қазақ ұлттық аграрлық университет студенттері мен оқытушылары атсалысты. Павлодар, Шымкент, Өскемен, Көкшетау қалаларының жастары да қолдау көрсетіп, олар да бізбен қатар қаланың көшелерін коқыстардан тазартты.

Сонымен қатар, шараға қоғамдық бірлестік және мемлекеттік мекемелердің өкілдері, жастардың саясаты жөніндегі сарапшылар мен мамандар қатысты.

Бұл экологиялық акцияның негізгі мақсаты – жасыл экономиканың дамуына және оқу орындарындағы жасыл кеңсенің іске асуына жастарды тарту.

Студенттер ұйымдастырылған флешмоб пен акцияның естерінде ұзаққа сақталатындығын және олардың Отанына, туған жеріне, табиғатына деген махаббатын күшейте түсіп, өз оқу орындарының, тұрғылықты жерлерінің айналасын көгалдандыруға, ағаш отырғызуға әрі тазалықты сақтауға

шақыратындығын айтты. Сондай-ақ олар жастарды экологиялық білім мен тәрбиеге шақыратын осындай акцияларды ҚазҰУ-да ғана емес, Қазақстанның барлық өңірлерінде өткізілсе деген ұсыныстарын жеткізді.

Энергоэкология кафедрасы

28 қарашада халықаралық қатынастар факультетінде Елбасы күніне арналған «Президент Н. Назарбаевтың еуразиялық идеясы және оның дамуы» атты халықаралық конференциясы өтеді



# Жалпы тарихты зерттеуші ғалым, ұстаз – 75 жаста

Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі, дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының профессоры Мәшімбаев Серік Мектепұлы бүгінде 75 жасқа толып отыр.

1971 жылы профессор С.М. Мәшімбаевтың ҚазМУ тарих факультетінің жалпы тарих кафедрасында басталған ұстаздық және ғылыми қызметі күні бүгінге дейін өз жалғасын тауып келе жатыр. Қазіргі кезде Серік Мектепұлы тарих факультетінде үзбей 43 жыл еңбек еткен ардагерлер қатарында. 1995-2005 жылдар аралығында С.М. Мәшімбаев «Шет елдердің жана және қазіргі заман тарихы» кафедрасының менгеруші болды.

Серік Мектепұлы кафедрада «Европа және Америка елдерінің жана және қазіргі заман тарихы», «Чехословакияның сыртқы саясаты», «Польша тарихындағы поляк-қазақ қарым-қатынастары» атты жалпы тарихтың өзекті мәселелері бойынша дәрістер жүргізеді.

1992 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Адам Мицкиевич атындағы Познань университеттері арасында ғалымдар алмасу келісіміне қол қойылды. Осы келісім негізінде Серік Мектепұлы Познань университетімен ғылыми байланыс орнатып, Марек Гавенцки сияқты поляк ғалымдарымен Польша тарихының өзекті мәселелері туралы пікір алысып жүрді. Осы зерттеулер негізінде Серік Мектепұлы Қазақстандағы поляктар туралы көптеген еңбектер жазды. Серік Мектепұлы бастамасын жасаған Польша-Қазақстан жоғары оқу орындарындағы ғылыми байланыстар мен студенттер алмасуы күні бүгінге дейін өз жалғасын табуда.

С.М. Мәшімбаев 2001 жылы тарих факультетінің жанынан ашылған Диссертациялық Кеңесте «Патшалық Ресейдің Қазақстандағы мемлекеттік басқару мекемелерінің тарихы» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғап, отарлық саясат орыс мемлекеттік басқару мекемелері арқылы жүргізілгендігін дәлелдеді. Қазақстан тарихындағы отарлық саясатқа қарсы ұлт-азаттық қозғалыс тақырыбын терең зерттей келе, 1783-1797 жылдардағы Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс тарихына байланысты көп жылдық зерттеулер нәтижесіне орай «Сырым Датұлы (1742-1802)» атты монография жазды. Осы ізденістерімен қатар, профессор С.М. Мәшімбаев Қазақстан тарихындағы өзекті мәселелердің бірі – Еділ-Жайық арасындағы қазақ жері үшін күрестің басында болған Кіші жүз ханы Әбілқайырға арналған монография жазды. 2014 жылы Ресей және Кеңес империясының қазақ халқына жүргізген отарлық саясатының негізгі мақсаты мен саясаттың зардаптары туралы «Патшалық Ресей мен Кеңес империясының Қазақстанды рухани отарлау саясатының зардаптары» (ХІХ ғасырдың 70-жылдары мен ХХІ ғасыр) атты монографиясы жарыққа шықты. Профессор С.М. Мәшімбаев ұстаздық жолында Қазақстан тарихы мен дүниежүзі тарихы бойынша көптеген мамандар дайындап, университет студенттерін тәрбиелеуге атсалысты.



Қазіргі заманда жоғары оқу орнында ұстаздық ету өмір талабына сай болуды қажет етеді. Бүгінде тарих, археология және этнология факультеті бакалавриат, магистратура және PhD докторантура мамандықтары бойынша дайындық жүргізеді. Тарих ғылымының зерттелуінде жанаша көзқарастар қалыптастыратын тарихшылар дайындауға бағытталған. Тарих ғылымының методологиясы мен теориялық бағыттарына инновациялық негіз қалыптастыру қолға

алынып отыр. Профессор С.М. Мәшімбаев осы өзгерістерден алшақтамай, жаналықтарға өзінің ғылыми үлесін қосып келеді. Мысалы, профессор қаламынан соңғы жылдарда жана ұстанымдағы 5 монография, 3 оқулық, 6 оқу құралы, 3 электрондық оқулық жарық көрді. 300-ге жуық ғылыми мақалалар жарық көріп, ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндамалар жасалды. 2001 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасымен 7-сынып оқушыларына арнап қазақ, орыс және ұйғыр тілінде «Орта ғасырлардағы дүние жүзі тарихы» оқулығын, 2013 жылы 12 жылдық мектеп оқушыларына арнап «Дүние жүзі тарихы» оқулығын, орта ғасырлар тарихының хрестоматиясы мен оқыту әдістемелерін жазды. Сонымен қатар «Польша Республикасының қазіргі заман тарихы (1918-2012)», «Европалық Одақ елдері және Қазақстан (1999-2012)» оқу құралдарының, 2003-2013 жылдар ішінде тарих факультетінің студенттеріне арналған «Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (1918-1945)», «Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (1945-2000)», «Европа және Солтүстік Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (2000-2013)» атты қазақ тіліндегі оқулықтардың авторы.

«Ұстаз болу өмірдегі ең қажет мамандық, оны ұстай білудің өзі адалдықтың көрінісі болады», – деген қанатты сөз профессор Серік Мектепұлының барлық болмысына толық сай. Ол кісі – рухани ой-өрісі бай, адамгершілігі мол, төлімгерлік тәсілі көп, мейірімді де қарапайым ұлағатты Ұстаз, еліміздің құрметті азаматтарының бірі.

Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы мен тарих, археология, этнология факультетінің ұжымы құрметті Серік Мектепұлын 75 жасқа толығын мерейтойымен құттықтап, зор денсаулық, шығармашылық табыстар, талантты шәкірттер тілейді.

**Қ.Т. ЖҰМАҒҰЛОВ,**  
дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының меңгерушісі,  
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Бүгінгі сөзіміз ғылымға құрылған ғұмырнамалық кітапшасы оқытушылық өмірге бай, ардагер ұстаз, бүгінде алпыс жасты бағындырып отырған апайымыз – филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті жалпы тіл білімі және шетел филологиясы кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Жарасова Тойжан Тайболатқызы туралы болмақ.

## Ұстаз ұлағаты

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қабырғасында көптеген жылдар бойы елеулі еңбек еткен Тойжан Тайболатқызы 1977 жылы Алматы қалалық Шет тілдер педагогикалық институтын «ағылшын тілі мұғалімі» мамандығы бойынша тамамдаған соң, алғашқы еңбек жолын мектеп мұғалімінен бастаған. Мұғалімдік қызметі бұдан кейін де еш тоқтаусыз бірнеше оқу орындарында жалғасын тауып, 1990 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне қызметке орналасады. Бұл ғылымның есігін қағып, табалдырығын аттаған алғашқы қадамы болды. ҚазҰУ қабырғасындағы алғашқы қызметі филология факультетінің жалпы тіл білімі кафедрасында басталды. 2001 жылдан бастап шетел филологиясы кафедрасында аға оқытушы болып жұмыс істеді. Қазіргі уақытта филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінде жалпы тіл білімі және шетел филологиясы кафедрасының доценті қызметін атқарып келеді.

Ұстаздық өмірінде апайымыз Тойжан Тайболатқызы талмай еңбектеніп, ізденіп келеді. Оқытушылық қызметте жүргенімен, ғылымға да өз үлесін қосып, алты ғылыми кітап пен бірнеше оқу-әдістемелік құралдарын жазды. Сондай-ақ республикалық ғылыми-теориялық және әдістемелік конференцияларда 35 мақаласы жарық көрді. 2005 жылы «салыстырмалы-тарихи, типологиялық және салғастырмалы тіл білімі» мамандығы бойынша «Лингвомәдениеттану контекстіндегі бүркеншік аттар» (қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі материалдар негізінде) тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Диссертация тақырыбы аясында екі монографиялық еңбегін жариялады. Алғашқы монографиясы 2007 жылы «Қазақ университеті» баспасында «Бүркеншік аттар тіл қызметінің фрагменті ретінде», кейіннен «Бүркеншік аттар – антропонимдер жүйесіндегі бірегей номинациялар» атты еңбегі 2013 жылы Германияда LAP (Lambert Academic Publishing) Saarbrücken, Deutschland халықаралық ғылыми баспасында жарық көрді. Бұдан бөлек 2011 жылы «Fundamentals of the English Language Theory», 2014 жылы «English Lexicology and Lexicography» атты оқу құралдары басылып шықты.

Үлгі тұтарлықтай ұстаз өз кезегінде ақпараттар мен мағлұматтар легінен қалыс қалмай, бірқатар халықаралық семинарлар



мен конференциялардың қатысушысы болды. Тәрбие ісінде тың бастама боларлық көптеген іс-шараларды ұйымдастыруды дәстүрге айналдырып, кураторлық-эдвайзерлік қызметтерді де қосалқы алып жүреді. ҚазҰУ тарихында 1990 жылдан бастап бүгінге дейін 25 жылға жуық ұстаздық ғұмырнамасында түлектер легін білікті де, білімді, бәсекеге сай, заманауи маман ретінде дайындап, қолынан түлетіп ұшырды. Болашақ жас ғалымдар қатарын дайындап, ғылыми еңбектерге мұрындық болды. Жас оқытушылармен бірігіп кітаптар, әдістемелік-оқу құралдарын жариялады.

Қызмет тоғыстырған әріптестері мына біздерге де темірқазық секілді он мен солымызға жөн сілтеуші бағдаршымыз ретінде еңбек сіңіріп келеді. Өмірлік және ұстаздық мол тәжірибесімен бөлісіп, кеңес беруден еш жалыққан емес. Ардагер ұстазымыз әрі әріптесіміз, кеңесші, ақылшымыз Тойжан Тайболатқызы апайымызды мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Білім жолында шамшырақтай жарық із қалдыруға айтарлықтай еңбек сіңірген, кешегі Ыбырайлардың жалғасы болған өнегелі, үйретуден шаршамайтын ұстаз ретінде Сіздің өзіндік орныңыз ерекше. Сізге зор денсаулық, отбасылық бақыт, шығармашылық табыс тілейміз.

Шәкірті Д.Б. РЫСКЕЛДИЕВА

### ЖАРҚЫН БЕЙНЕ

# ОЙМЕН АРПАЛЫСҚАН ОЙШЫЛ

Бүкіл әлемге мәшһүр болған философиялық білікті ұстаз, философия ғылымдарының докторы, профессор Ғалихан Ғаламғалиұлы Ақмамбетов тал бесіктен жер бесікке дейін созылатын фәни ғұмырының алпыс жылдай саналы бөлігін философия ғылымына, оның ішінде философиялық антропология, этика мен өнегелік және тұлғаның қалыптасу мәселесін жүйелі түрде зерделеуге арнады. Ғалихан Ақмамбетов қасиетті кара шаңырағымыз ҚазҰУ-дың 1956 жылғы түлегі. Өмір жолын 1956-1961 жылдары Орал педагогика институтында оқытушылықпен бастап, ал 1961-1963 жылдары КСРО Ғылым академиясы философия институтының (Мәскеу) аспирантурасында оқиды. Одан кейінгі өмір жолы ҚазКСР ҒА Философия және құқық институтында жалғасын табады. 1971-1976 жж. университетімізде этика кафедрасын менгерді. Кейін Ғылым академиясына қайта оралып, сонда бөлім менгерушісі қызметін абыроймен атқарады. Ал, 2000 жылдан бастап, өмірінің соңына дейін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әлеуметтану және философия кафедраларында профессор болып ұстаздық етті. 1963 ж. Мәскеу қаласында

кандидаттық, ал 1984 ж. сол мамандандырылған кеңесте докторлық диссертациясын сәтті қорғайды.

Осы орайда Шығыс ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің мына бір сөзі еске түсіп отыр: «Ғылымның сарайына кіретін адамның ары таза, жан-иманы кәміл, пейілі тура болуы керек. Ондай бола алмайтын адамдар өзін де, өзгені де былғамай, ғылымнан аулақ жүруі керек». Міне, осы шегелеп айтылған қанатты сөз Ғалихан Ғаламғалиұлының бүкіл философиялық ұстаным-болмысын адекватты түрде бейнелеп бере алады ғой деп ойлаймын. Ол өзінің ізденіс саласында аянбай еңбек етіп, өнегелік философиясы деп аталатын іргелі ғылымның қарқынды дамуына қомақты үлес қосты. Оның қаламынан 100-ден астам ғылыми еңбек, оның ішінде 12 жеке және ұжымдық монография туындады.

Халқының рухани дамуына септігін тигізген ғалымның қол жеткізген жетістігі ойшылдықпен, жан тазалығы қасиетімен қатар біліктілігі арқылы шәкірт тәрбиелеу ісімен де бағаланады. «Ұстаздың биігі ойлана қарасан биіктей береді, үніле қарасан тереңдей

береді, қол созсаң қарсы алдында, айналсаң артыңда тұрғандай», – деп ұлы Сократ айтқандай, Ғалекеннің ұстаздық шарапаты көз алдымызда. Оның соны идеялары мен озық ойлары әрқашанда өз өресін таба білді, сұраныстарға не бола алды. Білікті ғалым, білгір ұстаз тек университетіміздің философия бөлімінде ғана сабақ беріп қоймай, 1982-1986 жылдары философиялық антропология және этика мәселелері бойынша МГУ-де (Мәскеу), сонымен қатар Еуропаның іргелі ғылым мен мәдениет ошақтары атанған Сорбон (Франция), Карловы Вары (Чехия), Берлин (Германия) университеттеріне арнайы шақырылып дәрістер оқиды. Философия ғылымының тылсым сырына терең үніле білген, этика, өнегелік сияқты белесі мен қатпары көп ғылым негізін қалап, дамытқан Алатаудай айбынды ағамыздың бейнесі шәкірттерінің санасын ешқашан кеткен емес. Оның тікелей жетекшілігімен 20-дан астам кандидаттық, 10 докторлық диссертация қорғалды.

Үстіміздегі жылдың 18 қазанында 80 жасқа қараған шағында бақилық болған Ғалихан Ғаламғалиұлы Ақмамбетовтің әлемдік деңгейге

көтерілген ғалымдылығымен пара-пар келетін адамгершілік, кісілік, тектілік, азаматтық қызы, қызығш құстай қорып жүрген ғылыми тазалығы көз алдымызда. Соңғы жылдары ағамыздың жанында жүріп, оның қабілет-қырымен, болмыс-бітімімен, азаматтық кескінін тереңірек танығандай болдық. Білмегеніміз бен түсінбегеніміз қаншама. Қазақ халқында «тұлпар бой жасырады» деген мәтел бар. Ғалихан ағамыз туа бітті дарындылығына біліктілігі, тектілігі, парасаттылығы сай бола тұра, өте қарапайымдылығымен ерекшеленетін. Кейде ағамызбен мақтансып, «крупный ученый-философ келеді» дегендерге «крупным бывает только рогатый скот» деп әзілге айналдырып жіберетін-ді...

«Өткендерін ескерген-өскендіктің белгісі», «уақыт – әділ қазы, мінсіз таразы» дейді дана халқымыз. Енді Ғалекеннің көзі тірісінде жазып, жарияланған, жариялап үлгермеген еңбектерін толық тандамалы шығармалар жинағы етіп шығару – ұрпақтары мен шәкірттерінің еншісінде қалмақ.

Асқар ЛЕСХАН,  
философия кафедрасының доценті

Юридический факультет совместно с партией «Нұр Отан» и Фондом Первого Президента РК проводят международную конференцию «Институт президентства и его влияние на формирование демократического, правового и социального государства»





# Дулат Исабековтің «Тіршілік» повесі туралы



өнеріне кіршіксіз адалдығын танытады.

Д. Исабеков «Тіршілік» повесінде қарапайым қазақ ауылы тұрғындарының тіршілігі шебер суреттеліп, олардың іс-әрекетін, қарекет-тірлігіндегі небір жағдайларды дөп басып танып, асқан көркемдікпен ашып көрсетеді. Адамның жан сырын, құпия-қалтарысын, жүрегінді елжіретіп, тұла-бойынды шымырлатар тәлкекті тағдырын әр алуан сәттегі ситуациялық қалыпта сомдап, «өмір – тіршілік үшін күрес» дейтін қағиданы әр кейіпкердің өз әлініше атқарып жүргенін

сергек көңілмен суреттеп, оқырманына сезімталдықпен жеткізеді.

Автор повесінде ұлттық болмысты, мінезді бейнелеуде өзіндік ерекшеліктерімен көрініп, кейіпкер характерін ашуда пейзаж, монолог, диалог, психологиялық параллелизм, деталь, үнсіздік, жатсыну, хат жазу т.б. көркемдік құралдарды сәтті пайдаланып, әсіресе, Молдарәсіл-Киеванның, Қыжымкүлдің, Қымқа әйелдің ішкі жан әлемін бейнелеуде өзгеше ізденістерімен танылады. Әсіресе, қазақ әйелінің сан түрлі бейнесін сомдаған қаламгердің бұл повесінде Қыжымкүл бейнесі де өзінің даралығымен, қажымас қайратымен дараланып, бар уақиға сол кейіпкердің маңайынан тарайды. Тағдырдың салған тезі мойыға алмаған кейуананың қым-қуыт тірлік-тіршілігі оқырманын таңдандырып қана қоймайды, бес күндік тірліктің берері не, керегі не дейтін адамзаттық сауалдарды пәлсапалық тұрғыдан ойлануға, әңгіме ойлантуға алып келеді. Қыжымкүл күрделі хәм жұмбақ тұлғасымен кесек көрінеді, көнбіс әрі мейірбан қалпымен дара тұр. Жазушы суреттеуінде өмірдің тауқыметінің қандайы болса да қаймықпай, қасқайып тұрар, қамықпай, еңсесін тік ұстар қазақ

әйелінің, анасының шынайы болмысы, шын қалпы таспен қашалғандай мығым, бояумен салынғандай ажарлы, мәрмәрдан соғылғандай мызғымас болып шыққан. Ар, ұят, ұждан, ынсап, қанағат дейтін ұғымдар айтуға онай көрінгенмен, салмағы зілмауыр, атанға жүк боларлық баппандай ауыр, қорғасындай салмақты хәм киелі, құдіретті жүк. Осынау қасиеттердің қазақ әйелінің бойынан табылып жатуы қаламгер повесінен мен мұндалап тұрғанын анық аңғарсақ та, жақсы мен жаманның қабаттасып, қосамжарланып жүруі де көңілге кірбің ұялатқанымен, тұрлаусыз тіршілікте кездеспей қоймайтынына кейіпкерлер тағдыры, тыныс-тіршілігі арқылы көзінді жеткізіп, өзінді иландырады.

Біздіңше, адам өмірінің күнгейі мен көлеңкелі тұсын қабат алып, қатар суреттеу арқылы оқырманын шын өмірдің, боямсыз тіршіліктің, пәни жалғанның парқын түсінуге жетелейтін Дулат Исабековтің повесі осынысымен шынайы, осындай түйінімен құнарлы.

**Шоқан ШОРТАНБАЕВ,**

қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының аға оқытушысы

## Тірлігі Басқа, тіршілігі Бір

«Қу тіршіліктің қамы» дегенді қай қазақтың аузынан да естіп қалып жатамыз. «Тірі адам тіршілігін жасайды» деген тағы бар. Дулат Исабековтің «Тіршілік» атты шығармасын оқымай тұрғанда, жазушының тақырып таңдауына қарап қызықты жағдайды күткенім рас. Алайда, көзіме жас үйіріледі деген ой келмеді. Бұл – шығарманың қуаты, жазушының шеберлігі. Атынан танылатын бір шығарма бар, енді келесі бір шығарма жазушысын танытады, енді біреуі жазушымен танылады. Дулат Исабеков «Тіршілік» аталатын шығармасы арқылы өзін де, шығармасын да таныта алды. Дулат Исабековке бір кездері Аскар Сүлейменов: «Арыстың суынан ақула іздейтін жазушы», – деп баға берген екен. Сол ақуласының ірісі «Тіршілік» болса керек.

Тіршілік шығармасының он бойында шынайылық байқалады. Сонысымен де оқырманын елітеді. Қыжымкүл дейтін кемпірдің беймаса тірлігін суреттеумен басталатын шығарманы бірден түсіну қиын. Көкнәр іздеп кеткен шалы Киеванның келе салысымен қара шапалы сұрайтын әдеті. «Келе қалса мына самауырын құрғыр да қайнамай кетті, қайтер екенім!» дегімен, күйбендеп жүрген жайы бар. Осыны айтып үлгергенінше Киеван да жетіп келіп, әдепкі әдетіне басып кемпіріне жекіре бастайды. Ылғи да солай. Көрі кемпір шалы жантайып, көкнәрдің ұяты тарағанда тіршілігін бір жаққа шығаруға асығатын. Шалының «Киеван» аталуының да сыры қызық. Еліне қай кезде де қамқорлығын аямайтын жас жігіт Молдарәсілжан отыздан асқан шағында үйленбекші болып ел ақсақалдарынан көмек сұрайды. Ток күндері жағалап жүретін ел ағалары, басына күн түскенде жігіттен теріс айналады. Одан беті қайтқан Киеван жок. Танатар ақсақалдың қызын алып қашқандардан құтқарғаны үшін үш жігітке сыйға жылқы сұрайды. Ел ішіне көкнәрге құмарлығымен таныла бастағаны ма, Молдарәсілжанға бір қап көкнәр қоса береді. Көкнәрге құмарлығы қатты ауруынан айыпқашы болып тоғызыншы кесеге дейін тартқанынан басталып еді. Ес-түссіз ел алдында құлап жатқан көкнәрі осы күннен бастап «Киеван» аталып кетеді. Кемпірі болса жастайынан тауқымет тартпағанымен, бойжеткен шағында әкесі Дәулетбай мен ағасының аяусыздығының арқасында елден аласталып, төрт ұл, бір қызымен жесірліктің зардабын шегіп, айдалада күн көрудің қамын жасап жүрген Қымқаны келіп паналауымен оқиға өрбиді. Жалған намыспен туғандарынан безіндірген әке мен баланың қатыгездігі жан түршіктерліктей. Әкенің зілді сөздері он жеті жасар абыройы аяқ асты ойран болған сұлудың жүрегіне сызат, көңіліне кетпес қаяу түсірген еді. Жылған ананың көз жасын елеп жатқан ешкім жок. Жалғыз қызының азабы жанын жегідей жеген

анасы қыз кетісімен қайтыс болады. Қыжымкүлдің бейкүнә тұрмысына таңба салған аюдай айуанның қызды осынша қорлыққа тастап кеткені аянышты суреттеледі. Қара бет болған қызда шара жок, елінен пана іздеп келгенде көргені әкенің ашуы болды. Қыз жоғалып кетпестен бұрын жанында болған жегеніне кінә тағады. Ел ішіндегі қауесет былай тұрсын «шашынан шаныраққа байлап» тастаған күйеуінің құқайы да онай болмай, азаптанып қаза табады. Үш жігіт қосып ауылдан айдап жіберген Қыжымкүл әкем мені қуды деп келе жатқан жоқ, тек тағдырына налиды. Әлі де әке намысына дақ түсіргісі келмейді. Жазушы оны былай көрсетеді:

«- Жауын жауса жауар, - деді қыз да аспанға қарап. Үстеріңіз су боп қалар, қайта беріңіздер. Ары қарай өзім кетермін. Бірақ әкем тереннен ойламады. Егер сүйегіне таңба түсіргісі келмесе екеуіне: «Ен далада қанғып жүріп ел кезіксе, кімнің қызы екенін айтпайсың» деп тапсырар еді. Мен кім екенімді тірі жаңға айтпаспын. Оған осы сөзімді жеткізгіңдер» [1. 345].

Жүсіпбек Аймауытовтың Ақбілегі секілді, Дулат Исабековтің Қыжымкүлі де айдалада сасып, пана таппай жаны жалғыздықтан жаурайды. Айдалада Қымқаның қорасына бүрісіп кіріп, ақырында сол үйдің алтынын перзентіне айналады. Қымқаның өрен көріп отырған тұрмысын тарылтқандай, ыңғайсыз күн кешумен ақыры сол үйге сіңіп кетеді. Соңғы сөзлесі үзіліп түсерде сәби сүйіп атын «Токсан» қояды. Арда бір жарым жыл уақыт өткеннен кейін әкесі Дәулетбай болыстық сайлауға түспекші болып, өткенін еске алады-ау ақыры. «Ел бетіме басар» деген жалған намыспен үш-төрт күн жол жүріп, сұрастырып Қыжымкүлді табады. Іздеп шыққандағы ниеті баласына деген сағынышы болсашы. Сәби барын білгеннен кейін бірден бас тартады. Күндер өте нағашысын іздеп келген Молдарәсілжанмен танысып бас қосады. Бұл уақытта ел ішінен «солдат» алып жатқан болатын. Молдарәсілжан солдаттықтан қашып ел кезіп жүрген шағы еді. Баласы Токсанды Қымқаға табыстап, өзі жарыммен кетеді. Кейіннен ел ішінде байларды «кәмперкелеу» жүріп екенінің соған іліккенін, кейін қайтыс болғанын естиді. Қазақ басындағы көші-қон салдарынан кейіннен Қымқаны да таба алмай қалады. Молдарәсілжаннан сүйген екі баласы соғыста қайтыс болған. Қу бастарын құшақтап өмір кешіп жатқандарында, жана хабар келеді. Бұл Қымқаның қызы, кезінде «өпке» деп артынан қалмайтын Жамғаның хаты болатын. Бәрін баяндаған Жәмиға ұлының қайтыс болғанын, одан бұрын соғысқа кетпей тұрып үйленіп артында «Қуаныш» есімді баланың қалғанын жазған екен. Қорқынышы мол хаттың соңында жақында

Қуаныштың солдаттан оралып, әжесіне баратыны жазылыпты. Міне, Қыжымкүлге соңғы үміт сыйлаған да осы болды. Алайда, көп қиындықты жеңіп, енді есүіме күлкі оралып, туғанымды бауырыма қысам ба деп жүргенінде беймезгіл қайтыс болады. Артында қалған Киеван өле-өлгенінше көкнәр себетін жерді орамын деген басшылармен тайталасып ол да өгітті. Сорлаған қыз тағдыры, әке мен ағаның қатыгездігі, ананың көз жасы, жазықсыз жеңгені өлімі, өзге ортаға үйрену, бар оқиға бір-біріне себепші болып тұрғандай. Ауыр азапты әке сыйлады ма, әлде қыздың сормандай тағдыры себепші болды ма? Шығарма аяқталғаннан кейін осындай сұрақтардың шешімін таппай қиналатынымыз рас. Билік басындағы әкеге ел алдындағы абыройы маңызды болғандықтан осындай қадамға барды, мүмкін, Қыжымкүл әлгі оқиғадан кейін ауылына қайтып бармай-ақ қанғып кетпеді ме екен, айдалада сүйген сәбиін өзі өсіргенде қандай болар еді? – деген шым-шытырық ойлармен шығарманы өзімізше топшылауға тырысып та жатамыз. Қыжымкүл бойындағы нәзіктік, төзімділік, қайсарлық, сыпайылық шығарманың әр қадамында байқалады. Жазушы қазақ қызына тән осы мінездерді жинақтап, Қыжымкүл арқылы танытқысы келгені анық. Әр кейіпкерді дараалап көрсетудегі тапқырлық жазушы үшін уақыт пен кеңістікті танытуға жәрдемдескен. Қамқа бойындағы бауырмалдық, мейірімділік, еңбекқорлық қазақ әйелінің бейнесін танытады. Дәулетбай мен ұлы қара бастарын байлыққа байлаған сол замандағы байлардың кейпі. Киеван көкнәріші болуымен-ақ ерекше. Кейіпкері дара жазушы, солардың тіршілігі арқылы бір заманның оқиғасын, тарихты өзінше танытты. Сонау жетпісінші жылдары жазылса да, шығарманың әлі де қуатынан айырылмағаны сондай, бізден кейінгі оқырманды да таңғалдыра отырып елітетіні, оқырманға жана ой салары күмәнсіз. Әрине, қу тіршілік, қай күні тынарын кім білсін... Пендешілікпен біреуге ауыр, біреуге жеңіл көрінетін өмірдің күре жолы ғой. Кейде шым-шытырық тірлікпен жүріп маңыздысын ұмытып кетіп жатамыз. Кейде шырғып жатқанын байқап да алмаймыз. Дулат Исабековтің шешімі де осы. Дулаттың «Тіршілігін» енді кім өңдеп көрсетер екен, бүгінгі шырққан тіршілікті қалай өңдей алары әлі құпия. Тіршілік кімге қанша бұйырарын... Жазушы шығармада осыны көркемдікпен шеше алды. Бұл - жазушы үшін шеберлік, тапқырлық, оқырман үшін таңғаларлық туынды.

Т. СЕНБАЙ,  
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 4-курс студенті

### «Тіршілік» повесінен үзінді

...Қыжымкүлдің бәрі есінде. Тағдырдың көрсеткен азабы аз болғандай, әкесі бастап келген төрт-бес жігіт оны отырған жерінен жұлып алып, ауылға қарай көкпарша тарта жөнелген. Бұл байғұс кінәлі ме, кінәсіз бе, ол жағын еститін құлақ, тыңдайтын адам жоқ. Өлдім дегеніне елең етпейтін шетінен тас керен, шетінен дойыр. [1, 341].

...Естір құлаққа білмеймін деп бір айтып ем, несіне қинай бересіздер. Басқаның алтын басын бауырымның тырнағына айырбастар ма едім. Ақ сүтін бермеді демесем, анамдай боп кеткен жұңешем менің жолымда жазықсыз қарған бопты, жаным содан артық па, қаңғыртпақ түгіліотқа өртеп жіберсеңіздер де мейілдеріңіз. Әке баладан безсе не шара, ол да жазмыштың бұйрығы шығар. Сіздерге менің де көңілім сем боп қатып қалды. Бұл да сол тәңірінің өмірі емей не болсын.

—Алып қашқан адамды танымайтынымды, түрі түсі де есімде қалмағанын бір емес, шырылдап тұрып, шырқырап тұрып талай айттым ғой... [1, 344].

...Маскара- ай, - деді қыз басын көтермеген бойы шаңыраққа қарап жатып, — ауылда салған ойрандарыңыз аздық қылғандай, бұл үйді де шулатайын деліңіздер ме? Мына мен бәле өлмей қойдым ғой, мен өлсем құда да тыныш, құдаға да тыныш болар еді. [1, 360].

— ...Мен жібуден кеткенмін, көке. Өуре болмаңыз, ешқайда да бармаймын. Зорлап алып кеткендеріңізден де пайда жоқ, ол жаққа барсам бәрі бір тірі жүрмеймін. Пәленшенің қызы өзін —өзі өлтіріпті деген сөзден аулақ болғыларыңыз келсе мені мазаламаныздар. [1, 361].

Исабеков Д. Екі томдық таңдамалы шығармалар. - Алматы: Жазушы, 1993. - 544 б.

Бетті жүргізген әл-Фараби кітапханасының бас кітапханашы-менеджері Шынар МҰҚАШЕВА

28 қарашада ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасы мен С. Демирел атындағы университет «Молда Мұсаның әдеби мұрасы» атты халықаралық семинар өткізеді



**Нұрғазы НҰРБОЛАТ**

1994 жылы 5 қыркүйекте Қытай Халық Республикасы Іле облысы Текес ауданында дүниеге келген. 2010 жылы Отанға оралған ол 2012 жылы заңгер болу арманымен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультетіне түсті. Нұрғазы мектепте үздік оқушы ретінде қоғамдық іс-шараларға белсене қатысып, шығармашылығымен, белсенділігімен көзге түскен. Өлеңдері аудандық газеттерде жарық көрген.



**ТІЛ ТУРАЛЫ**

Шүкір дейміз, тәуелсіз еліміз бар, Атадан қалған байтақ жеріміз бар! Келеміз бұл күндері алға басып, Мақсат айқын, ұстаған жолымыз бар.

"Мәңгілік ел" ең биік мақсатымыз, Мақсатқа жетпей шықпас, жақсы атымыз! Нақтылы іспен мақсатқа жетсек дейміз, Қиялмен армандамай басқаны біз.

"Қазақ тілдің деңгейі шарықталып, Қолданатын тіл болса барлық халық... Елімізде күн кешкен әр азамат, Қазақ тілде сөйлесе анық-қанық..."

Еліміздің осындай жоспары бар, Жоспардың өз құпия астары бар... Қазақ тілдің деңгейін неге бірден, Көтермеске дейді кей санасы тар.

Тәуелсіздік кепілі тұрақтылық, Тұрақ болса бақыт та тұрад тұнып. Байлығы мол, кең-байтақ елімізді, Көп ұлтпенен құраған құрақ қылып.

Соның бәрін тып-тыныш ұстау үшін, Қарау керек бәріне шуақ күліп. Қысым жасап, үркітсең ғажап емес, Ертең-ақ шығаруы бірақ бүлік.

Сол себепті астарлы саясат бар, Бұл жайында білейік біраз ақпар. Қояндай асыққанмен түк өнбейді, Сабырмен шешсек бәрі бізді мақтар.

Барлығымыз сөйлесек қазақ тілде, Бұл күнге де жетеміз аз-ақ күнде. Ақырындап өзге ұлт та үйренеді, Сұраныс та артады қазақ тілге.

Айтарым, құлағы бар әрбір досқа, Қазақ боп, миңгірлеме тілде басқа. Қазақпенен қазақша сөйлесін деп, Елбасы да айтқан жоқ бекер босқа...

Биіктесін десеңіз тілім менің, Өз тілінді құрметте, күнім менің... Қаламасаң тілінің бүлінгенін, Қазақ тілде сөйлегін, гүлім менің...

**АВТОБУСТАҒЫ АРУ**

Далада күз, бірақта көңіл көктем, Жадырап қуанбап ем бұрын көптен. Себеп болды бір ару, бұл жағдайға, Ойда-жоқта жүректі тербеп өткен.

Баяндасам жағдайды болды былай Сол бір сағат мен үшін болды жылдай. Автобуска кеп мінді бір ару қыз, Сұлулығы секілді бейне күн-ай.

Сенбі еді ол күні, тал түс кезі, Ал, ару құрбысы жоқ жалғыз өзі. Келіп тұрды қасыма, мен отырғам, Күлім қағып, мөлдіреп кара көзі.

"Отырыңыз кеп мұнда" - дедім сасып, Босатуға орынды болып асық. Орынымнан жалма-жан тұра бердім, Қолымдағы сөмкемді иыққа асып.

Жайғасты да, үнімен ол ырғақты, "Сөмкеңізді беріңіз" - деп тіл қатты. "Ауыр емес, рақмет" - дедім оған, Білмеймін, жүрек қатты діріл қакты.

Жүзі таныс, көргендей оны бұрын, Қайдан көрдім, ойланып соны тұрдым. Түспеді еске, түспесін мейлі, бірақ, Алдымда отыр, енді оған көңіл бұрдым.

Қалай, ғажап, тап болды бұл қасыма, Байқатпай көз жүгірттім тұлғасына. О, құдірет, отыр ғой қазақ қызы, Бар сұлулық жиылған бір басына!

Ақ мандайлы, кара көз, қиғаш қасты, Отыр қаздай, тік, түзу ұстап басты. Қыр мұрынды, өзі екен хас сұлудың, Ғашық қылар оп-оңай, көрген жасты...



Суретті түсірген Досжан Балабекұлы

Жалбыратбай артына, шашын түйген, Отыр бейғам, тамаша көңіл-күймен. Әттен, маған беймәлім, біле алмадым?! Жігіті оның бар ма екен, қалап сүйген???

Сабакка барамын деп шыққам үйден, Енді осындай келемін, тылсым күймен... Аруы отыр алдымда бар қазақтың, Саз арнауға лайық әсем күйден!

Бұрындары ару қыз мен де сүйгем, Бірақ, күл боп сөнген-ді денем күйген. Танысуға қорықтым, қол жетпейді-ау, "Үрлеп ішед" - демей ма "ауызы күйген"?

"Келесі ҚазҰУ" - деп жұрт хабар қылды, Түсуге ынғайланып, ол да тұрды. Қасынан кетуге оның кимай-кимай, Есік жаққа беттедім, көңіл мұңлы...

Ал, енді ару ҚазҰУ-ға еніп кетті, Мен де жүрдім, корпусқа бұрып бетті. Бір сағатта тамсанып болмысына, Міне, осылай өзіне құштар етті!

Қазір жүрмін таба алмай құр өкініп, Айтқаным шын, емес бұл кіл өтірік. Тілеп жүрмін әр күні жаратқаннан, Қайтадан жолықтыр деп, мың өтініп!

Жарамай жүз танысып қол алуға, Кетіп едім тамсанып сол аруға... Жолықса ЕҢЛІК болып ол қайта егер, КЕБЕК боп алып қашам-жол ауылға...

**БІЛЕСІҢ БЕ?!**

Білесің бе?! Сезімді сен деген, Ешқашанда бұндай күйді көрмегем. Сені ойласам өргенеді өн бойым, Сол өртіңмен малшынамын терге мен.

Білесің бе?! Менің кешкен күйімді? Торлап алдың ой-санамды, миымды. Өтінерім, менің сенен, тәп-тәттім, Мекен етші мәңгі менің үйімді. Білесің бе?! Сен мен үшін тәттісің, Өзің жайлы, түнде көрген әр түсім. Мен қайтсемде қондырамын бағыма, Соны білші, айналайын, ақ құсым.

Білесің бе?! Бақыт сұрап Алладан, Әр күн сайын мен тәңірге жалбарынам. Себебі, егер жетсе тілек Аллаға, Ешқашанда ескерусіз қалмаған.

Білесің бе?! Жаралғансың мен үшін, Сенсің менің алтын қорым, кенішім. Артық айтсам айып етпе, жарқыным, Сен мендікің, сүйем жаным, сені шын!

**ҒАШЫҚТЫҚ ҒАЛАМАТЫ**

Ғашық болдым бір қызға жаным еріп, Балқытты өн бойымды ол жылу беріп. О, құдірет недеген сезім еді, Тулады жүрек оның нұрын көріп.

Өзі сондай тәп-тәтті, қылығы бал, Үйренуге, білуге жаны құмар. Жанарымен қиылып қарағанда, Ұмытасың еріксіз әлемді бар.

Кеудедегі жүрегін бұлқындырып, Қарақаттай көзіне нұр тұндырып, Езу тартып жымиса, дүниені, Тастағандай боласың бір тындырып.

Артқа тастап қоңырқай қолаң шашын, Бойын түзеп, қаратып саған басын, Не айтса да әйтеуір, мөз боласын, Сәл көтеріп қап-кара қиғаш қасын.

Оның жаны осындай, шын керемет, Тамылжыта ән салса, үн де бөлек! Қуанар ем қолыма түссе егер ол, Үйіне қонған жандай мың көбелек!!!

**ТҮСІНСЕҢШІ...**

Түсінсеңші, сезіміңнің пәктігін, Өзіңсің ғой қуанышым, шаттығым. Сен деп қана дүрсілдейді жүрегім, Айналайын, ақ мандайлым, ақ гүлім. Сені көрсем жанарымда нұр тұнып, Бір-ақ сәтте шыға келем құлпырып. Сенің күшің, міне, сондай керемет, Сол себепті тұрам саған ынтығып. Сен дегенде елең етем ерекше, Саған деген сезімім де бөлекше. Бір сәтке де қала алмаймын ойламай, Қарны ашып, сүт аңсаған бөбекше. Сенсіз күнім көз көрінбес қараңғы, Сенсіз қалай сүрем мына ғаламды? Басымдағы бар ойлар да сен жайлы, Шырмауықтай шырмап алдың санамды. Қайтем енді, құтқаршы өзің тезірек, Мына күйден барам қатты мезі боп. Уәде берем аялауға мәңгілік, Мендік болсаң сәті түсіп, кезі кеп...

**АҚҚУЛАР-АЙ**

Аққулар-ай, кіршіксіз пәк келетін, Өздерімен жылылық ап келетін. Сендерсіңдер белгісі махаббаттың, Бір жүрегін екіге қаж бөлетін. Сендерсіңдер белгісі адалдықтың, Түйірі жоқ бойында арамдықтың. Аққулар-ай, сендермен жер бетінде, Бірге болмас белгісі сарандықтың. Өмір сүріп "мәңгілік" ұраныңмен, Бірге өлесің, өлсе егер сыңарыңмен. Аққулардың сезімін ұрлап алып, Келеді кетіп қалғым бір арумен...



Суретті түсірген Досжан Балабекұлы



# Американдық студенттердің алғашқы қадамы

Үстіміздегі жылы американдық студенттер білім алу үшін Қазақстандағы жетекші жоғары оқу орны – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін таңдаған еді. Өткен дүйсенбіде филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінде жалпы тіл білімі және шетел филологиясы кафедрасының ұйымдастыруымен және осы американдық студенттердің қатысуымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік мейрамының құрметіне орай «Жасай бер, Қазақстан!» атты мерекелік іс-шара өтті.

Жаңа оқу жылынан бастап профессор Сүлейменова Элеонора Дүйсенқызының мұрындық болуымен филология және әлем тілдері факультетінде 25 американдық студент таңдау пәні ретінде қазақ және орыс тілдерін таңдап, білім алуда. Қазақ тілін үйреніп жатқандарына екі-ақ ай болғанына қарамастан,

олар кеш барысында Тәуелсіздік мейрамының құрметіне орай шағын мерекелік бағдарлама дайындап шықты. Американдық студенттер қазақтың бас ақыны ұлы Абай атамыздың – «Ғылым таппай, мақтанба», қазақтың ақиық ақыны М. Мақатаевтың – «Отан» және М. Жұмбаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Олардың «Қара жорға» биін нақышына келтіре орындауы да көпшілік үшін үлкен тосынсыз болды. Сонымен қатар үй тапсырмасы кезінде олар бір-бірімен қазақ тілінде диалог құрастырды. Ең бірінші танысу, дүкенде өзара әңгімелесу т.б. секілді қазақ тілінің бастапқы элементтері көрініс тауып, көрерменді өзіне тарта білді. Ол студенттер – Кайл Феррел, Мэрием Голдман, Лия Шапиро. Аталған үш студентке дәрісті жыл соңына дейін қазақ тілі пәні бойынша филология ғылымдарының кандидаты, доцент Мәншүк Мәмбетова жүргізеді. Ал Дэвин Хэсс, Дэниел Хигучи, Джанет Стюарт, Кейглер Маннға – Аяужан Таусоғарова, Майкл Скимоға Перизат Медетбекова дәріс жүргізетін болады.

Кеш барысында ұйымдастырушылар наурыз айында тағы бір осындай кеш ұйымдастыруды жоспарлап



отырғандықтарын жеткізді. «Шетелдік студенттеріміз бүгін сәлемдесу, кішігірім сөздік қормен ойларын өрбітсе, жыл соңында қазақ тілін еркін меңгеріп алады деген үлкен сенімдеміз», – дейді олар. Сонымен қатар студенттер қазақ тілін үйреніп қана қоймай, қазақ әдебиетін, мәдениетін, тарихын да

қызығушылықпен меңгеріп келеді. Кеш соңы керемет өлеңмен қорытылды. Тәуелсіз болып туынды биік ұстадың, Көтерді халық уақыттың қатал қыспағын, Көшіңді бастап бақытты болашағына, Жасай бер, жаса, Тәуелсіз Қазақстаным!

**Айжан ТОҚШЫЛЫҚОВА**

Жалғасы. Басы 1-бетте

## ТҮЛЕКТЕР – УНИВЕРСИТЕТ МАҚТАНЫШЫ



«Айқын» республикалық қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы Нұртөре Жүсіп, «Жас өркен» ЖШС директоры Жүсіпбек Қорғасбек, «Қағанат» тарихи-мәдени конкорциумының президенті Бейбіт Сапаралы, «Қазақстан» ұлттық ТРК вице-президенті Ғалым Омархан және сол кезеңдерде дәріс берген ұстаздар, профессорлар Файзолла Оразаев, Дандай Ысқақов, Сағымбай Қозыбаев, Қоянбек Ахметов, доцент Клара Қабылғазина қатысып, өз студенттерінің студенттік кездеріндегі қызықты сәттерімен бөлісті. Сонымен қатар университет түлектері үздік

үш студентке шәкіртақы тағайындады. Нұрлан Мәуекенұлы атындағы шәкіртақыны 2-курс студенті, ақын, «Шабыт» фестивалінің лауреаты Асыл Ерзат иемденсе, Алтынбек Сәрсенбайұлы атындағы шәкіртақы 1-курс магистранты, журналист Арман Октябровка, Бейбіт Құсанбек атындағы шәкіртақы 4-курс студенті, тележүргізуші Досжан Калиевке бұйырды.

Сондай-ақ шара барысында Қазақстан Баспасөз клубының құрылғанына 20 жыл толуына орай ашылған журналистика факультеті Студенттік Баспасөз

орталығының тұсаукесер салтанаты болды. Түлектер Әл-Фараби және Ө. Жолдасбеков ескерткіштеріне гүл шоқтарын қойып, университет мұражайымен, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығымен танысты.

Сонымен факультетте өткен кездесуде алдыңғы буын ағалар мол тәжірибесімен бөлісіп қана қоймай, жас журналистерге шығармашылық дем беріп кетті.

**Әйгерім ӘЛІМЖАН,**  
журналистика факультетінің  
аға оқытушысы

САУАПТЫ ІС

### Донор болу - азаматтық парызымыз

**Жуырда биология және биотехнология факультетінде «Қан тапсырып мұқтаждарға қол үшін соз!» деген ұранмен акция өтті.**

Әлемде қан құюға жыл сайын миллиардтаған адам мұқтаж. Адамға қан күйікке шалдыққанда, жарақаттанғанда, күрделі операциялар кезінде керек. Сонымен қатар медициналық препараттар жасау үшін де донорлардың қаны қажет болады. Ал, гемофилиямен және қан аздық ауруына шалдыққандардың өмірін сақтап тұру үшін қанның қажеттілігі өте жоғары. Химиотерапия кезінде онкологиялық аурулардың өмірін ұзарту үшін де қан керек. Статистикалық мәліметтер бойынша, өмірде әрбір үшінші тұрғын бір рет донорлық қанды қажетсінеді екен.

Қызыл жілік майының торшалары мен иммунитеттің реттелуіне де донорлықтың пайдасы мен әсері көп. Қан тапсырған адамның ағзасында жақсы өзгерістер байқалады. Осы орайда факультетіміздегі студенттердің қан тапсырып, мұқтаж болып жатқан адамдарға көмек беру керек дегенді ұғына білуі өте қуанышты жайт. Биология және биомедицина кафедрасының студенттері мен куратор эдвайзерлері донор болуға атсалысты.

Қазіргі уақытта еліміз үшін донорлықты дамыту мәселесі күрделі болып тұрғаны белгілі. Ал, біздің университет студенттерінің осындай күрделі акцияға атсалысуы ел болашағын ойлайтын адамгершілігі жоғары жастардың қалыптасып келе жатқандығының бір көрінісі екендігінде сөз жоқ.

**Ж.М. БАСЫҒАРАЕВ,**  
**Г.Қ. АТАНБАЕВА,**  
биофизика және биомедицина  
кафедрасының оқытушылары

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактордың міндетін атқарушы: **Бейбіт МЕКЕЕВ**  
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**  
Тілшілер: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА**  
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**  
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат, №104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**kazuniver-gazeti@mail.ru**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,  
беттелді. "Гамма-принт" баспаханасында  
(Райымбек даңғылы, 369) басылды.  
Тел.: 8 (727) 247-98-30, 247-98-31

**Бағасы келісім бойынша.**  
**Таралымы 1000 дана.**  
**Тапсырыс №1475**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.